

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (4)
қазан-желтоқсан

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2023
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

© Коллектив авторов, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Rwdnkj gf 'lp'vj g'Tgr wdrie'qh'Kazakhstan"
 Grgevtqple'uelgpv'le'iqwpcn'ef wQ/j kvqt {0h }"
 J cu'dggp'kuwgf 'cu'c'iqwpcn'ukpeg'4236"
 KUP "4932/5; ; 60"
 Xqr0320tu06.'pp0830-842.'4245"
 Lqwtpcn'j qo gr ci g-> j wr u-1gf wQ/j kvqt {0h }"

FTAXP"TMPHTI"TKUVK25042"
 j wr u-1f qkQti I32073; 654932/5; ; 6a4245a58a6a830-842"

TRAGEDY OF THE 1920S–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA

Botabek B. Tokishkadirov¹, Anar B. Bakytzhanova², Dinara K. Kairat³

³PIE "ëUj cnctko "Wpkxgtukv{ "qh'Ugo g{ì "
 *42'c.'I rknk'U0'293622'Ugo g{.'Tgr wdrie'qh'Mc| cnj ucp-"
 Rj F "Uwf gpv"
 ©"j wr u-1kqtef Qti I222/2223/9624/37; 20G/o ckn"dqvcdgm 9B o cktw"
 , Eqttgur qpf kpi "cwj qt

⁴Crknj cp'Dqngknj cp'Wpkxgtukv{ "
 *33.'O cpi kkn'Gri'U0'293622'Ugo g{.'Tgr wdrie'qh'Mc| cnj ucp"
 Ecpf kf cvg'qh'J kvqtkecn'Uelgpegu"
 ©"j wr u-1kqtef Qti I222/2225/4969/7; 520G/o ckn"cpct4326B o cktw"

⁵Crknj cp'Dqngknj cp'Wpkxgtukv{ "
 *33.'O cpi kkn'Gri'U0'293622'Ugo g{.'Tgr wdrie'qh'Mc| cnj ucp"
 Master's kpi'J wo cpkkgu"
 ©"j wr u-1kqtef Qti I222/2224/8532/34560G/o ckn"fkmgmctcv09B o cktw"

Í 'Ej Æj 0Xcrknj cpqx'K G.'4245"
 Í "Vqnkj nef kqx'DD0'Dcm{v j cpqxc'COD0'MctcvF (M)4245

Abstract. *Introduction.* "K'ku'hpqy p'vj cvf wt kpi 'vj g'3; 42u'cpf '3; 52u.'w'pf gt 'vj g'kphw'peg'qh'Uqx'kv'r qrk { " qp'vj g'vgttkqt { "qh'Mc| cnj ucp.'Mc| cnj "ëmwæmü "y gcmj { "r gcucpvu+cpf "r gcucpvu'y gtg'httegf "vq'rgcxg" vj gk"j qo grcpf "cpf" go ki tev'g" cdtqcf 0'O quv'qh' vj go "y gpv"vq" pgk j dqt kpi "eqwpt'kgu" uwej "cu" Ej kpc." O qpi qrk."Kpf kc."Chi j cpkucp."Rcnkucp"cpf "Vwtng{0'Cv'vj cv'vko g.'uelgpv'le'uwf lgu'dgi cp'vq'cr r get"qp" vj g'y j gtgcdqwu'qh'vj gug"o ki tcvu."vj g'r qrk'lecn'ukwcv'vq'qh'vj g'eqwpt'kgu'y j gtg'vj g{ "ugw'gf . "x'ky u'qp" vj go ."cu'y gni'cu'vj g'uqekcn'cpf "r qrk'lecn'hc'vg'qh'Mc| cnj u'cdtqcf 0'F wt kpi "vj g" { gctu'qh'kpf gr gpf gpeg."vj g" Mc| cnj "f'keur qtc'cdtqcf "j cu'r ckl "cv'gpv'vq'vj g'eqpf k'kqu'ht' t'gwtp'kpi "vq'vj g'eqwpt { 0'Dw'vj g'pwo dgt" qh'Mc| cnj u'cdtqcf "f'kf "pqv'f getgcug'0'Uqo g'qh'vj go "ctg'Mc| cnj u'lp'O qpi qrk'0'CNj qwi j "f'qo gu'ke"cpf " hqtgki p'tgugctej gtu'vqwej "wr qp"uqo g'vq'r leu'cdqww'Mc| cnj u'lp'O qpi qrk."o cp{ "qh'vj go "ctg'f gxq'v'gf "vq" vj g'j kvqt { "qh'Mc| cnj u'y j q'tgo cl'pgf "lp'O qpi qrk'ht'j kvqtkecn't'gcu'qpu'lp'vj g'vy gp'v'gy "egpwt { 0'Goals. F gyto k'p'v'vq'cpf "cp'cn'uku'qh'vj g't'gcu'qpu'ht'vj g'o ki tev'vq'qh'Mc| cnj u'y j q"o ki tev'vq'vq"O qpi qrk"lp" 3; 42-3; 520'*Results.* Vj g'ct'v'erg"cnq"j ki j rki j w'vj g'ecw'ugu"cpf "j kvqt { "qh'vj g'uqek'q/r qrk'lecn'rk'kg" qh' Mc| cnj u'y j q"o q'x'gf "vq"O qpi qrk"lp"vj g'3; 42u-3; 52u0'*Conclusions.* "K'vj g'ht'uv'j cih'qh'vj g'vy gp'v'gy " egpwt { . 'Mc| cnj u'ht'k'kpi "lp'O qpi qrk."f'v'g'vq'xct'k'qwu'hc'w'qtu."g'zr gt'lgpegf "o cp{ "j ctf'uj kr u'cpf "g'zr wnk'qpu'0'

It can be seen that although they live separately from the Kazakh country, they have preserved the entire image and characteristics of the Kazakh origin and continue to live in the Kazakh way, without losing their main support.

Keywords: Migration, migration flows, Kazakhs, Mongolia, Altai, qandas

Acknowledgments. The article was written within the framework of the project “The fate and characteristics of the Kazakhs who migrated to Mongolia as a result of Soviet repressive policies in the 1920s–1930s” (Registration number AP19175164).


For citation: Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K. Tragedy of the 1920s–1930s: the fate of the Kazakhs who moved to Mongolia // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 4. Pp. 830–842 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_830-842

1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ

Токишкадилов Ботабек Бейбитбекович^{1*}, Бақытжанова Анар², Қайрат Динара Қайратқызы³

¹КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
(20 а-үй, Глинка көш., 071400 Семей, Қазақстан Республикасы)

Докторант, ORCID: 0000-0001-7402-1590

 <https://orcid.org/0000-0001-7402-1590>. E-mail: botabek87@mail.ru


*Автор-корреспондент

²Әлихан Бөкейхан университеті
(11-үй, Мәңгілік Ел көш., 071400 Семей қ, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты

 <https://orcid.org/0000-0003-2747-5930>. E-mail: anar2104@mail.ru

³Әлихан Бөкейхан университеті
(11-үй, Мәңгілік Ел көш., 071400 Семей қ, Қазақстан Республикасы)

 <https://orcid.org/0000-0002-6310-1234>. E-mail: dikokairat.07@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023

© Токишкадилов Б.Б., Бақытжанова А.Б., Қайрат Д.К., 2023

Аңдатпа. *Kіріспе.* 1920–1930 жылдары Қазақ жерінде болған Кеңестік саясаттың қысымы әсерінен шаруалардың шекара асып, елінен кетуге мәжбүр болғаны белгілі. Оның ішінде Қытай, Моңғолия, Үндістан, Ауғанстан, Пәкістан және Түркия елдеріне көп бөлігі қоныс аударған. Олардың көшу процесінен бастап, орналасуы, сол кездегі қоныстанған елдің саяси жағдайы, қоныс аударушыларға көзқарастары, шетелдегі қазақтардың әлеуметтік және саяси тағдыры туралы ғылыми еңбектер жазылды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап шетелдегі қазақ диаспорасы жағдайына көңіл бөлініп олардың елге оралуларына жағдай жасала бастады. Солардың бір бөлігі – Моңғолиядағы қазақтар. Моңғолиядағы қазақтар жайлы отандық және шетелдік зерттеушілер біраз тақырыптарды қозғағанымен, олардың көбі жиырмасыншы ғасырда емес оның алдында тарихи себептермен сол жақта қалып кеткен қазақтардың тарихына арналған. *Зерттеу мақсаты.* 1920–1930 жылдары Моңғолияға қоныс аударған қазақтардың көші-қон себептерін анықтау, талдау. *Нәтижелер.* Мақалада ХХ ғасырдың 20–30 жылдары Моңғолияға көшкен қазақтардың қоныс аудару себептерін анықтауға және қоғамдық-саяси өмірінің тарихын саралауға әрекет жасалынды. Маңғолия үкіметінің қазақ диаспорасына байланысты жүргізген саясатына жан-жақты талдау жасалынды. *Қорытынды.* Моңғолия жерін мекендеген қазақтар ХХ ғасырдың бірінші жартысында сан алуан факторлар себебінен көптеген қиыншылықтар мен

сүргінді басынан өткерді. Олар қазақ елінен тыс өмір сүрсе де ұлттық болмысының тұтас бейнесін, қасиетін қалпында сақтап, оның басты арқауынан айырылмай, қазақы қалпында өмір сүруін жалғастырғандығы туралы тұжырым жасалған.

Түйін сөздер: Көш, көш-қон ағындары, қазақтар, Моңғолия, Алтай, қандас

Алғыс. Мақала «1920–1930 жылдардағы Кеңестік қысым саясаты нәтижесінде Моңғолияға қоныс аударған қазақтардың тағдыры және ерекшеліктері» жобасы аясында жазылды. (Жеке тіркеу нөмірі: AP19175164).


Дәйексөз үшін: Токишкадилов Б.Б., Бақытжанова А.Б., Қайрат Д.К. 1920–1930 жылдар қасіреті: Моңғолияға көшкен қазақтар тағдыры // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. 830–842 б.б. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_830-842

ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ

Токишкадилов Ботабек Бейбитбекович¹, Бақытжанова Анар², Қайрат Динара Қайратовна³

¹НАО «Университет имени Шакарима г. Семей»

(д. 20, ул. Глинки, 071400 Семей, Республика Казахстан) Докторант

 <https://orcid.org/0000-0001-7402-1590>. E-mail: botabek87@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Университет Алихана Букейхана

(д. 11, ул. Мәңгілік Ел, 071400 г. Семей Республика Казахстан)


Кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0003-2747-5930>. E-mail: anar2104@mail.ru

³Университет Алихана Букейхана

(д. 11, ул. Мәңгілік Ел, 071400 г. Семей Республика Казахстан)

Магистр гуманитарных наук

 <https://orcid.org/0000-0002-6310-1234>. E-mail: dikokairat.07@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Токишкадилов Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.К., 2023

Аннотация. *Введение.* Известно, что в период 1920–1930-х годов под воздействием советской политики на территории Казахстана казахские кулаки и крестьяне были вынуждены покинуть свою родину и эмигрировать за границу. Большинство из них отправились в соседние страны, такие как Китай, Монголия, Индия, Афганистан, Пакистан и Турция. В то время начали появляться научные исследования, посвященные местонахождению этих переселенцев, политическому положению стран, где они осели, взглядам на них, а также социальной и политической судьбе казахов за границей. За годы независимости уделяется внимание положению казахской диаспоры за рубежом, созданы условия для их возвращения в страну. Но количество казахов за рубежом не уменьшилось. Часть из них – казахи в Монголии. Хотя отечественные и зарубежные исследователи затрагивают некоторые темы о казахах в Монголии, многие из них посвящены истории казахов, которые остались в Монголии по историческим причинам в двадцатом веке. *Цель и задачи исследования* – Определение и анализ причин миграции казахов, мигрировавших в Монголию в 1920–1930 гг. *Результаты.* В статье анализируется политика правительства Монголии в отношении казахской диаспоры. Статья также освещает причины и историю общественно-политической жизни казахов, переехавших в

Монголию в 20–30-е годы XX века. *Выводы.* В первой половине XX века казахи, проживающие в Монголии, в силу различных факторов пережили множество лишений и изгнаний. Видно, что хотя они и живут отдельно от казахской страны, они сохранили весь образ и особенности казахского происхождения и продолжают жить по-казахски, не теряя при этом своей основной опоры.

Ключевые слова: Миграция, миграционные потоки, казахи, Монголия, Алтай, кандас

Благодарность. Статья написана в рамках проекта «Судьба и особенности казахов, мигрировавших в Монголию в результате советской репрессивной политики в 1920–1930-е годы». (Регистрационный номер: AP19175164).

Для цитирования: Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К. Трагедия 1920–1930-х гг.: судьба казахов, переехавших в Монголию // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» 2023. Т. 10. № 4. С. 830–842 (на Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_830–842

Кіріспе

Қазақ диаспорасының тарихы Отандық тарихтың құрамдас бір бөлігі ретінде зерттеліп келе жатқан сала, сондықтан әлемнің көптеген еліндегі 5 миллионға жуық қазақ диаспорасының тарихы мен оған қатысты мәселелердің зерттеу өзекті. Бүгінгі таңда алыс шетелдердегі қазақ этностарының ауқымды бөлігі Қытайдан кейінгі Моңғолия елі болып табылады. Моңғолияда өмір сүретін халық саны бойынша маңғолдардан кейінгі кең тарағаны – қазақтар.

Қазақтардың Моңғолияға көші бірнеше кезеңді қамтитын оқиға. Алғашқы көштің басталған уақытын С. Толыбеков, Г.Н. Потанин, И. Қабышұлы т.б. тарихшылар XVIII ғасырдың 20–30 жылдарындағы жоңғар шапқыншылығымен байланыстырса, кейбір зерттеушілердің пікірі XIX ғасырдың 70-жылдарымен байланысты. Сол себепті «Қазақтар Моңғол жеріне қай жылдары келіп қоныстанды?» деген сауалға тарихшылар нақты деректер таппай келді. Қазақтардың бір бөлігінің Моңғолия жеріне қоныс аудару себептерін, тарихи кезеңдерін анықтау үшін көптеген деректерге тоқталып өткен жөн. Қобда бетіне қазақтардың алғаш рет қоныстануы жайында әртүрлі деректер мен ғылыми мәліметтер болғанымен, қоныстанған жер көлемінің кеңейіп, адам саны өсіп, тұрақтанып, шоғырлана бастаған кезін XVIII ғасырдың орта шені деп қарастыруға толық негіз бар. Өйткені, орыстың әйгілі саяхатшысы Г.Н. Потанин «Қазақтар Алтайға келіп, XVIII ғасырдың ортасында Қара Ертіс бойымен Тарбағатай, Сауыр тауларының солтүстігі мен Алтайдың оңтүстігінде мекендейтін болды» (Потанин, 1881: 65) - деп жазса, Моңғолияның батыс өлкесін зерттеген Г.Е. Грумм-Гржимайло «Орта жүз керейлерінің көптеген рулары XVIII ғасырдың екінші жартысында Алтай жеріне көшіп келген және осы ғасырдың 60-шы жылдары біршама шығысқа қарай өтіп мекендейтін болды» - деп атап өтті (Грумм-Гржимайло, 1930: 413).

Тарихшы Ісләм Қабышұлы қазақтар алғаш 1867 ж. келді деп жазады (Қабышұлы, 1997: 169). Сонымен қатар Моңғолия шекарасының Шыңжаң, Алтай өңірімен шекаралас аймағынан, яғни Даян өлкесіне 1855–1958 жж. Дүт ауылдары келді деген дерек табылып отыр. Дүттің руы – Арғын ішінде Сүйіндік (Әжіғали, 2014: 112–119). Бұл көштің де өзіндік тарихи, саяси, әлеуметтік, табиғи себептері болды. Көптеген ғалымдар өздерінің деректерінде қазақ көшінің бастауын осы жылдардан алған деп жазады. Бұған себеп қазақтар бұл өлкеге 1864–1870 жылдары жаппай қоныс аудару бастаған. Осылайша тарихшылар көштің легін екі кезеңге бөледі. Бірінші кезең 1723 жылғы Жоңғар шапқыншылығынан XIX ғасырдың 70-жылдар аралығы, екінші кезең – XIX ғасырдың 70–80-жылдарынан XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі аралығы.

Осы тарихи кезеңдерді саралай отырып, қазақтардың Моңғолия жеріне қоныстануы сонау XVIII ғасырдан бастау алатынын байқауға болады. Аталмыш кезең қазақтардың қоныстануының алғашқы легі болғандығы ешбір дау тудырмайды. Қазақтардың қоныс, жайылым жер іздеп көшуі бұнымен аяқталған жоқ. Керейдің кейбір рулары араға бір ғасырдай уақыт салып, яғни XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Алтай тауының бергі бетіне өтіп, мекендей бастады.

Қазіргі заманғы тарих ғылымында басты назар тікелей тарихты жасаушы халық пен адамды

зерттеуге арналған. Отандық тарих ғылымындағы демографиялық көші-қон саясатын жүзеге асыру мәселелерін жан-жақты зерттеп, ғылыми талдаулар тұрғысында зерделеу маңызды мәселелердің біріне айналды. Сондықтан, халықтың санын, білімін, ұлттық құрамын, оның жасы мен жынысы туралы толық мәліметті білмей, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық көші-қон саясатын жүзеге асыру мүмкін емес. Осы орайда, қазақ ұлтының әрі қарай өсіп, дамуына табиғи өсімімен қатар, репатриация процесі халықаралық жағдайда дүниежүзі елдері арасында маңызды мәселелердің біріне айналды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Тарихи процестердің дамуы мен өзгерістерін нақты зерттеуді талап ететін, объективті және жүйелі тарих ұстанымдарына негізделеді. Кеңінен қолданылған тарихилық және объективтілік қағидаларының басты талабы – тарихи құбылыстар мен үрдістерді барлық күрделілігі мен қайшылықтарын жан-жақты қарастыру және кешенді түрде бір-бірімен байланыстырып талдау. Бұл қағида барлық шынайы фактілердің бірегейлігінің негізінде тарихи оқиғаны зерттеуге мүмкіндік береді. Тақырыпты зерттеуде тарихилық, нақтылық және жан-жақтылық қағидалары басшылыққа алынды. Зерттеу мақсатына жету үшін статистикалық, салыстырмалық, сұрыптау, талдау сияқты ғылыми-зерттеу әдістері кеңінен қолданылды.

Мақалада қарастырылған деректер: Шығыс Қазақстан облысының мемлектік архивінің 2866 қоры және Абай облысы мемлекеттік архивінің 3 және 6 қорларының құжаттары негізге алынды. Тақырыптың негізгі мақсат-міндеттерін зерттеуде кеңестік тарихнамада коммунистік идеология қағидаларына сәйкес қалыптасқан жекелеген теориялық тұжырымдар қайта қарастырылды. Кейінгі кезде жарық көрген, ғылыми-теориялық деңгейде жазылған тәжірибелі зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми-теориялық тұжырымдарға және архив құжаттарына сүйене отырып, Қазақстан тарихы мәселелерінің қазіргі заман талабына сай, жаңаша көзқараспен зерттелуі басшылыққа алынды.

Талқылау

Моңғолия қазақтарының басынан кешкен тарихи оқиғаларына баға беріп, шет елдегі қандастардың тағдырын жан-жақты зерттеп, әділ қорытынды беру бүгінгі күннің ғылыми талабы. Шетелдегі қазақтар мәселесі Кеңес Одағында, оның ішінде Қазақстанда кешенді зерттелмеді, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін шет елдегі қандастарымыздың тағдырына шынайы мән беріліп, отандық тарих ғылымының басым бағытының бірі болап табылады. Тақырыпқа байланысты материалдар Х. Чойбалсан мен Х. Магсаржав тарапынан жарияланған «Монголын хувьсгалын товч түүх» (Чойбалсан, 2002: 373) деп аталатын еңбектің II томдарында және «МАҮХЦ-ийн хөжлийн товч зам» (Моңғолдың Халық әскерінің құрылу тарихы) (Чойбалсан, 1935: 95), Моңғолияның батыс шекарасындағы әскери маневрлерді ұйымдастырған маршал Г. Дэמידтің «МАҮХЦ-ийн үүсэн байгуулагдсан товч түүх, тэргүүн дэд дэвтэр» (Моңғолдың Халық әскерінің құрылу тарихы, бірінші, екінші бөлім) (Дэמיד, 1991: 160) деген тарихи маңызды еңбегі тақырыпқа өзек болған мәселелерді бірашама ашқан. Сол кездегі Моңғолияның Ішкі істер министрі қызметін атқарған генерал Б. Дүйнхэржавтың естеліктерінде батыс шекара оқиғаларына қатысты деректер берілді. Моңғолия мен Қытайдың сол кездегі байланыстарына қатысты көптеген деректер қамтылған. Өкінішке орай, бұл еңбектер нақты емес, жалпылама мәлімет бермейтін деректермен шектеледі.

XX ғасырдың 20–30 жылдары Моңғолияға қоныс аударған қазақтар тарихын зерттеуде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жарық көрген ғылыми еңбектердің орны ерекше. Бұл ретте Моңғолия мен Қытай жерінде өмір сүрген қазақтардың саяси жағдайын зерттеген О. Владимиров, В. Рязанов, З.Т. Тайпов, Отто Браун, А. Сарай, Ұ. Бадавамұлы, Х. Оралтай, Ференц Варнай, Н.С. Кулшев, Б.Н. Пышков пен Б.С. Старости, Д.А. Волкогонов және т.б. зерттеушілердің еңбектерін айта аламыз.

Қытай мен Моңғолияға қоныстанған қазақтардың зерттеудің хронологиялық межесіне саяси өмірі, осы өлкеде өткен ұлт-азаттық қозғалыс мәселелеріне арналған біраз ғылыми зерттеулер жарық көрді. Мұндай еңбектер қатарына Р.А. Миrowsicкая, Ғ. Нөкішұды және тағы басқа авторлардың ғылыми еңбектерін жатқызамыз. Р. Шынайдың еңбегі ауызекі деректерге негізделген.

«Монгол улсын хил хамагалалтын түүхэн тэмдэглэл» (Моңғолияның шекара қорғау тарихы) деп аталатын еңбек Қобда бетіндегі қазақтардың саяси өміріндегі біршама оқиғаларды қамтығанымен, сол заманғы талапқа сай идеологиялық шеңберден аспаған. «Монгол цэргийн түүхэн товчоон» (Моңғолдың әскери шежіресі) еңбегінде шекарада орыс алған кейбір мәселелер жөнінде ұшқары пікірлер айтылады (Рахметұлы, 2009: 7).

Тарихшы И. Қабышұлы еңбегінде этникалық тарих басты назарға алынғанымен, тарихи маңызды кезеңге саналатын 1928–1949 жж. аралығындағы саяси тарих назарға ілікпеген. Х. Мұхамедиұлы. «Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы» атты еңбегінде Моңғолияға қоныс тепкен қазақтардың тағдыры, қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы барысын жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар Қобда өңіріне орналасқан қазақтардың тұрмыс-салты мен төл мәдениетін сақтауда алатынын орнына тоқталады (Мұхамедиұлы, 2000: 206 б). Алайда Х. Мұхамедиұлының Моңғолиядағы қазақтардың қоғамдық-әлеуметтік тақырыбына арналған докторлық диссертациясында әлеуметтік тақырыптар қозғалғанымен қоғамдық-саяси өмірінің тарихы мәселесі аз қарастырылған.

Қазақстандағы тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі демографиялық құбылыстарға арналған ғылыми зерттеулердің көпшілігінде репатриация мәселелері жеткілікті тұрғыда қарастырылған. Атап айтар болсақ, Г.М. Мендіқұлованың «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры: пайда болуы мен дамуы» атты көлемді монографиясы қазақтардың шетелдерге қоныс аударуының себептерін, қазақ диаспорасының теориялық-методологиялық аспектілерін анықтауға ойдағыдай әрекет жасаған. Зерттеудің басты ғылыми құндылығы-оның шетелдік деректерді ғылыми айналымға алғаш рет енгізе отырып, жан-жақты талдау жасаған. Шет елдердегі қазақ диаспорасының пайда болуы, қалыптасуы мен қазіргі дамуының күрделі және көп қырлы тарихи проблемаларын тұжырымдамалық тұрғыдан қарастырады (Мендикулова, 1997: 261).

1920–1930 жылдары қоныс аударған қазақтар туралы зерттелген еңбектердің қатарында тарихшы-ғалым Г. Қозғамбаеваның «Моңғолиядағы қазақ диаспорасы: көші-қон және бейімделуі» атты еңбекте Моңғолияға қоныс аударған қазақтар 1754 жылдан бастап, әрқилы тарихи оқиғалармен жалғаса отырып, екі ғасырға дейін созылып, тек 1934 жылы ғана аяқталды – деп көрсетеді (Қозғамбаева, 2003: 26).

Тарихшы З.Қинаятұлының «Моңғолиядағы қазақтар» еңбегі және С. Рахметұлының «Моңғолия мен Қытайды мекендеген қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінің тарихы (1912–1949)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бар. Бұл еңбектерде қазақ диаспорасының 1930 және 1940–1950 жж. жағдайы жөнінде аса маңызды мәліметтер келтірілген және зерттеудің тың бағыттары мен тұжырымдамалары ұсынылған. Аталған еңбектерде Моңғолиядағы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірдегі орны мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жан-жақты қарастырылып, талдау жасалынған.

Нәтижесі

Қазақтардың Моңғолияға қоныс аударуы XVIII ғасырдағы тарихи және әлеуметтік себептер салдарынан, қазақтың бір бөлігі Шығыс Түркістанға қоныстанып, Алтай аймағында қоғамдық-тарихи даму барысында қазақтың абақ-керей аталатын бір тобын қалыптастырды. Кеңес Одағының Ғылым Академиясында жарық көреген «Шығыс Азияның халықтары» деп аталатын еңбекте «Шыңжанды мекен еткен қазақтар 1758 жылы Жоңғар хандығы Маньчжурия әскерінен соққы көріп күйрегенен кейін XVIII ғасырдың 70 жылдары көшіп келіп қоныстанды» - деп жазады (Чебоксарова, 1965: 256). Демек, қазақтардың Қобда бетіне толық қоныстанып, тарих

сахнасына шығуына осы деректер дәлел болып отыр.

Көрнекті ғалым, тарихшы Хурметхан Мухамадиұлының «Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы» (Мұхамедиұлы, 2000: 13). атты зерттеу еңбегінде «Қобда бетіндегі қазақтардың бұл өлкеде өз мекендерін кеңейте беруі сонау 1758 жылдан «...ежелгі ата мекенге бет бұрған қазақ миграциясының толқыны әлі де толастамағанының бір көрінісі болатын. Бұл сырттай қарағанда «жайлым іздеу», «жер дауы» т.б. түрінде болса да саяси, қоғамдық, тарихи сипатымен өзіндік себебі бар оқиға екенін» ғылыми дәлелдермен тұжырымдайды. Аталмыш ғалымның еңбегінде Алтай тауының теріскей бетіне қазақтың Орта жүзінің Абақ-керей тайпасының кейбір рулары ірге тепкен дәуірден бергі 130-дан астам жылда бұл өңірде қазақ ұлтының бір тобы өз бетінше дербес өмір кешіп, қазақ этносын қалыптастырып, дамыған процесті жан-жақты саралап, қорытынды жасауда біз үшін өте құнды.

Қазақтың абақ керей руы XIX ғасырдың соңғы жартысына дейін қаймағы бұзылмаған Алтайды мекен еткен. Ресей мен Қытай (Цин) үкіметінің арасында 1864 жылы «Жуңго-Ресей батыс солтүстік шекарасын тексеріп отыру шарты» деп аталатын келісім шартқа қол қойылды» (Набижан, 1996: 330). Осы шарт негізінде керейлер орналасқан жерлерге екі мемлекет билігіне, екі тарапқа бөлінген ру-тайпалар арасында іштей қоныстану басталды. Керейлердің кейбір рулары Тау тәңірінің шығыс бөктері Еренқабырға, Бортоғай, Баркөл екі шіңгілге дейін қанат жайды. Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтардың 1880–1911 жылдарға дейінгі тарихы Маньчжур-Цин империясының қол астында өтіп, 1911 жылдың соңында қоғамдық-саяси өмірі Сыртқы Моңғолия тарихымен байланысты болды. 1913 жылдан бастап елдегі жағдай тұрақталғанан кейін өлкедегі қазақтар байырға ата-бабалары сияқты тұрақты қонысқа ие болды. Дегенмен де қазақтар бұл өлкеге қоныстанғаннан бастап, сан алуан факторлар себебінен көптеген қиыншылықтар мен азапты күндерді де бастан кешірді. Осы өңірде болып өткен тарихи, саяси өзгерістер, атап айтар болсақ, «жалама айдаған», ақ пен қызылдар, халық төңкерісі, ұлт саясаты саласындағы бұрмалаушылықтар мен сталиндік зұлмат халықтың өмірі мен тұрмысына кері әсерін тигізді.

Көштің көп бөлігіне себеп болған Алтайдағы шиеленіскен халықаралық жағдай болатын. 1911 жылы Цин империясы құлап Моңғолия үкіметі тәуелсіз мемлекет ретінде жарияланды. Бірақ Қытай әскері Моңғолияға кіріп аймақты екіге бөлген болатын (Сыртқы Моңғолия және Ішкі Моңғолия). 1921 жылы Сыртқы Моңғолияны Кеңес үкіметінің қызыл әскері қолдап Моңғолия Халық Республикасы жарияланды. Ел дербестігін алғанымен, 1936 жылға дейін Қытай мен Моңғолия арасында шегара сызығы айқындалмағандықтан, қазақтар Бәйтік-Қарпық, Алтайдың арғы, бергі жағына малының жай-күйіне орай көшіп-қонып жүрген (Қинаятұлы, 2001: 318). Осы аралықта Алтайдағы қазақтар 30-жылдардың қасіретін тартты. 1920–1930-шы жылдары қазақтар арасында социалистік эксперимент жүзеге асырылды. Эксперименттің салдарынан қазақ байлары мен молдаларын, интеллигенцияның біразын революцияның жауы, шетел тыңшысы деген жаламен сотқа тартып мал-мүлкін тәркіледі.

XX ғасырдың басындағы тарихи жағдайлар қазақтардың босқынға ұшырап шет жерлерге жаппай қоныс аударуға әкелді. XX ғасырдың 20–30 жылдары кеңес үкімет саяси-әлеуметтік шараларды күштеп жүргізді, асыр сілтеулердің ауыр зардаптары қазақ халқының өз ата мекенінен ауа көшуіне әкелді. Бас сауғалаған қазақтардың бір бөлігі Қытай асып, тағдыр тәлкегімен кейінен Маңғолия жеріне келіп мекендеді. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертертуге бағытталған тәсілдер, күштеп ұжымдастыру, астық, ет дайындау науқанындары және ашаршылық салдарлары халықтың үдіре көшуіне әкеп соқты. 1930 жылдың 15 наурыз айына көрсетілген Семей округі бойынша көктемгі ауыл шаруашылығы науқанында кедей және орта шаруаларға қатысты әкімшілік тарапынан болған асыра сілтеулер орын алды. Мәселен, «Мақаншы ауданы, Ақшоқы ауылында, сол сияқты Борас ауданы Сосновка ауылында қорға астық өткізбегені үшін 8 орта шаруа тұтқындалып, кулактар ретінде мүлкі тәркіленді, бұл іс шараларға коммунистер тартылды» деп келтірілген архив деректерінде (АОМА. 3-қ. 1-т. 457 іс. 214-п.).

Сонымен қатар, 1928 жылғы декрет қазақ байларын тәркілеу және ашаршылық зардаптарыда көші-қон қозғалысына әсерін тигізді. Шекаралық аудандарынан көшкен қазақ байларын тәркілеу, малшы халықты ұжымдастыру шаралары осы кезеңде жіберілген қателіктер мен асыра сілтеушіліктер, бұлардың аса ауыр зардаптары ең ауқымды түрде және соңғы мәрте қазақ халқының өз атамекенінен ауа көшуіне әкеп соқты. Қалың бұқараның көшуіне себеп, 1928 жылғы 27 тамыздағы қазақ байларын кәмпескелеу туралы қаулының шығуы тіпті мүліктерін тартып алу еріксіз күштеу жазалары қолданылды. Қаулы қабылданбай тұрып-ақ ел арасында сыбыс таралып, шекараға жақын аймақтардағы ауқатты-байлардың арасында шет елге қоныс аудару қозғалысы басталды. Қазақ АКСР-сы бойынша ОГПУ-дің тәркілеу шарасына байланысты ауқатты шаруа қожалықтарының белсенділігі туралы 1928 жылы 15 тамызға берген қорытындыларында: «Осы жылы шілде айының соңында Зайсан ауданынан Батыс Қытайға 153 отбасы қоныс аударды, олар өздерімен бірге 6600 бас ұсақ және 1000-ға дейін ірі қара малын алып кетті. Тамыз айының басында сол ауданнан шетелге бірнеше ауыл ірі қара малымен кеткен. Тамыз айында Қытайдан эмигранттарға көмек ретінде жіберілген 16 қарулы адамның көмегімен жүрді» (Документальная хроника 2021: 259). Республикамыздың шығысындағы Ресей, Қытай сияқты шекаралас елдерге көшу барысында қарулы қақтығыстар жиі орын алған. Ең бірінші көшті бастаған ауқатты шаруа қожалықтары болды және олар мал-мүліктерін сақтап қалу үшін шекара асуға мәжбүр болды. Шығыс Қазақстан және Абай облысының аудандарынан Батыс Қытай мен Ресейге қоныс аударған отбасылар өздерімен бірге ұсақ және ірі қара малын алып кеткендерде аз болған жоқ. Ірі шаруашылық иелерімен қатар орта шаруаларда шет елдерге жаппай көше бастады, себебі орта шаруаларда кулак деп есепке алынып, мал-мүліктері тізімге алынып, тәркілеуге жатқызылды. Кеңестік билік бұл трансшекаралық қозғалыстарды тоқтату үшін шекара күзетін күшейтті. Республикамыздың шығысындағы Ресей мен Қытай сияқты шекаралас аудандарға көшкен қазақтардың бір бөлігі Маңғолияға барып қоныстанған.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шараларының алғашқы кезеңінде бай-кулак атанғандар мал-мүліктерін сақтап қалу үшін шекара асуға мәжбүр болса, ал орташа және кедей шаруалардың үдере көшуіне жергілікті органдардың заңсыз әрекеттері тікелей себеп болған. Осылайша ұжымдастыру шараларына қарсы шаруалардың алғашқы наразылықтары шетелдерге миграция түрінде байқалды. Шығыс Қазақстанмен шекаралас Ресейдегі Алтай аймағы қазақтарының да Маңғолияға және Қытайға ауа көшуі орын алған. Миграцияның негізгі бағыттары Қазақстанның түрлі өңірлері Шығыс Сібір, Алтай өңірі, Қытай және басқада елдер. «Ұжымдастыру саясатына байланысты наразылықтың артуы 1930 жылы наурызда қазақтар арасындағы толқуларға ұласты, халықтың наразылығы Ойрат облысының Қос-Ағаш өңірі және Қазақстанның іргелес аудандарын қамтыды. ОГПУ мен армия күштерінің толқуларды басу кезінде қоныс аудару нәтижесінде Қос-Ағаш аймағының қазақ ауылдық кеңесінен қазақтар Маңғолияға көшіп кеткен» (Орсіон, 2020: 426).

Қазақ ауылдары болса шекаралық аймақтарда шет елдерге көшу барысында қарулы қарсылықтар орын алды. Шаруалардың наразылығы халықтың басым бөлігін көтеріліске итермеледі, 1929–1931 жылдар аралығында халық наразылықтары аса белсенді көрніс берген кезең. 1930 жылдары Абай облысының Абыралы және Шұбартау аудандарында көтерілістері орын алды. Халықтың наразылығына қатысқандарды үкіметке қарсы шыққан бандалар деп қудалау жүргізілді.

1929–1930 жылдардағы ОГПУ мәліметтері мен шаруалардың шағым хаттарында Семей округі бойынша аштық жайлы дерек көптеп кездеседі. 1930 жылы Сібір Өлкесінде жаппай шаруа наразылықтары жүріп жатты. Семей округтік бойынша ОГПУ бөлімі берген «1929–1930 жылдардағы қозғалыс туралы» мәліметтерінде: «шаруалардың бас көтерулері Көкпекті, Самар, Шыңғыстау және басқа да аудандарда байқалады. (АОМА. 6-к. 2-т. 31-іс. 206-п.). 1930 жылы 15 ақпанда Қатонқарағай аудандық комитеттің жауапты хатшысы Погореловтың Семей округтік комитеттіне жолдаған құпия шифротелеграммасында: «... № 2 жасақтың құрамына Шыңғыстау

ауданының 30 партия қызметкері кіреді. Осылайша № 2 жасақ 170 адамнан тұрады» деп, қосымша әскери күшті көрші ауданнан алғанын көрсеткен (ШҚОММ. 2866-қ. 1-т. 22-іс. 213-п.).

Ресми деректерде, «Сібірде 1930 жылдың қаңтар–наурызында 65 колхозға қарсы және антикеңестік бас көтерулер болды. Зерттеуші А. Жанбосинованың ҚР ҰҚК Басқармасының мұрағат деректері негізінде жасалған есеп бойынша келесідей қорытынды жасаған: «1930 жылы ақпанда Зырян аудандық ОГПУ бөлімшесі 2-санат бойынша 43 адамды тұтқындаумен ерекшеленді, бұл көрсетілген айда тұтқындалғандардың жалпы санының 23 %-ын құрады, бірінші санат бойынша Семей ОГПУ бөлімі тұтқындады, онда айыпталушылардың көпшілігі ату жазасына кесіліп, 37 тұтқындалғандардың 27-сі атылды, бұл ақпан айында тұтқындалғандардың жалпы санының 14 % құрайды. ОГПУ Семей округтік бөлімі 1930 жылдың ақпан-наурыз айлары аралығында 79 адамды қамауға алып, оларды 58-2, 58-8, 58-10 – баптар бойынша айыптады (Вестник КазНПУ, 2017: 162–168). Семей округі бойынша ОГПУ бөлімінің уәкілі Г. Котышевтың естеліктерінде: «Өздері беріліп, қамауға алынған көтерілісшілердің арасында белсенділерін анықтау керек болды. Мен бұл жұмысты жаңғыз жүргізе алмадым. Келесі күні Зубовқаға аудандық ОГПУ уәкілі Утин келді. Осылайша ол осы барлық қанды жұмыстарды атқатергеп-тексеру жұмыстарын оқиға болған орнында жүргізгендігін көрсеткерды» (ШҚОТӨА. КП 09 – 1553. П. 9) деп, көтерілісшілерді. Қазақстанда 1929–1931 жылдар аралығында шаруалар наразылықтары, үлкенді-кішілі бас көтерулер мен қарулы көтерілістері халықтардың ашаршылық алдындағы наразылығы еді.

1931–1933 жылдары аштықтың зардаптарынан халықтың көп бөлігі аман қалу үшін туған жерін, елін тастап шекара асып кетіуге мәжбүр болды. Босқыншылықтың немесе туған жерден көшіп кетушіліктің аса көлемді көрініс бергені және әсіресе, көшпелі жартылай көшпелі қазақ шаруалары өмірінде терең қасіретті із қалдырғаны белгілі. Мәселен, 1930 жылдың ақпан айында Мақаншы ауданынан Қытайға 33 кедей шаруашылығы мен 39 орташа және 6 ауқатты шаруашылық көшсе, наурыз айында дәл сол ауданнан 191 шаруашылық шекара асқан еді. Әлеуметтік жағынан бұл шаруашылықтардың 182-сі кедей, 241-і орташа 82-сі ауқатты еді. Екі ауданнан көшіп кеткен шаруашылықтардың көпшілігі орташалар мен кедейлер болған. 1932 жылы алапат ашаршылық Қазақстанда кеңінен таралғанда жағдай тіптен ушығып, шаруашылықтардың шетелдерге жаппай көшуі кеңінен орын алған. Исаев пен Орынбаевтың 1932 жылғы 11 мамырда Мәскеудегі Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған мазмұндама хаты беретін аталған жылдың 1 ақпанына дейінгі мәлімет бойынша, «қоныстан кетіру мен қоныс аудару есебінен кеміген қожалықтардың саны 300 мыңнан асып» кеткен. Бұл орта есеппен алғанда 1 млн 500 мың адам болды. Халықтың бір бөлігі өзге елден пана таппағандықтан өз еліне ерікті түрде қайтып келсе, ендігі біреулері күшпен қайтарылған. Шығыс Қазақстанға шекаралас жатқан Ресейдің Алей ауданында 1932 жылдың наурыз айының 16-30 аралығында 2800 қазақ Семейге күштеп қайтарылған. Қазақ халқының үдіре көшу көлемі туралы Тұрар Рысқұловтың И. Сталинге, М. Молотовқа жазған 1933 жылы наурыздағы хатында: «Қонысын тастап Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшкен қазақтардың мекен-жайларынан келіп түскен, шамамен алынған соңғы деректерге қарағанда қазіргі Орта Еділде – 40 мың, Батыс Сібірде – 50 мың, Орта Азияда – 30 мың Қырғызстанда – 100 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар қалмақ жеріне Солтүстік өлкеге және басқада шалғай желерге көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға және Маңғолияға ауды...» деген мәліметтерді көрсетеді (Омарбеков, 2003: 262).

Шет елге ауа көшкен қазақтардың тұрмыс жағдайы Қытай мен Сібірде кейінен Маңғолияға қоныс аударғаннан кейінде жақсара қойған жоқ. Қытай мен Маңғолиядағы саяси өзгерістерге байланысты қазақ диаспарасы үлкен қиыншылықтарға тап болды. 1930 жылдардың аяғында МХР-да партиялық мемлекеттік бюрократия «сталиндік-чойбалсандық» социализм орнады. Қазақ этностық тобы қатігездікке тап болып, ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Сондай-ақ шетелдегі қазақтар санының кейінгі үш он жыл бойында айтарлықтай өсе қоймауы да біздің пікірімізді дәлелдейді. 1959 жылы Қытайда не бары 580 мың, ал Моңғолияда 40 мың ғана, қоса

есептегенде 620 мың қазақ өмір сүрді (Тәтімов, 1990: 104–108). Сондықтан М. Тәтімовтың мәліметінде көрсетілгендей, біздегі жаппай ұжымдастыру науқанының қарсаңында Моңғолия мен Қытайда шамамен 375 000-дай ғана қазақ қалған еді.

Қазақтардың Моңғолия жеріне қарай жылжуы мал шаруашылығымен айналысқан қазақ қауымы үшін жайлым іздеу немесе жер дауы ғана емес саяси, қоғамдық, тарихи сипатымен өзіндік себебі бар. Демограф-ғалым М. Тәтімов зерттеулеріне қарағанда, 1932 жылы әйгілі Жырғаланұлы Бөкенің ұлы Рәбәй бастаған 700 түтін 1932 жылы Моңғолияға көшсе, осы жылы Сарбас Буратай, Шақабай және Жәнтекей Нұрғали бастаған 1200 отбасы Моңғолияға жеріне барып қоныстанған. (Тәтімов, 1990: 75,77).

1933 жылы Шіңгіл, Еренқабырға, Алтай өңірінде естен қалғысыз ауыр жұт болды. Сол жылы Молқы Қожақын, Шілдебай, Мүсәйіп; Қарақас Қожаның ауылы, Жәнтекейден Яши, Темірші ауылдары; Шеруші Нұрғали, Үкібастар бастаған 600-ден астам отбасы мал отарлату үшін Моңғолияға асты. Олар Алтайда ұлы жұт болғандықтан, Моңғолияға малын қыстату үшін уақытша келгендерін мәлемдеп, Моңғолияның өкімет орындарына арыз, өтініш білдіргеннен кейін Моңғолияның жергілікті әкімшілік органдары бес отарға бөліп ұйымдастырып, қыстап шығады. Архив материалдарына қарағанда, мал отарлата келген кейбір ауылдар Моңғолия жерінде түбегейлі қалып қоюға тілек білдірген. Бірақ ауыл, рубасылары олардың мұнда қалып қоюын құптамайды. Ал Моңғолия өкіметі қарсы болмайды. Осы қайшылықтың кесірі Моңғолия қазақтарының арасында «Кенжебек айдаған жыл» деп есте қалған еді. Бірақ бұл ауылдардың қаншасы қайтып, қаншасы қалғаны туралы жазба дерек жоқ. 1934 жылы болған Кенжебек оқиғасы және осы ауылдардың соңынан қуып барып Бұлғын, Цаган-гол бойында қырғынға ұшыратқан «жалғыз аэроплан» оқиғаларына қарағанда, бұл жұрттан Моңғолия жерінде ауыл қалмаған болуы мүмкін.

Моңғолия аумағындағы қазақтардың бір бөлігінің қазақ руларының қоғамдық құрылымын, ондағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың сипатын түсіну үшін, қазақ халқының өткен тарихындағы көптеген мәселелерге үңілуге, халықаралық байланыстарды есепке алуға тура келеді. Моңғолияның архив материалдарына жүгінсек, ең соңғы рет Моңғолияның азаматтығын алған қазақтар жайлы 1932 жылы болған ресми жалғыз материал тіркелген. Бұл Кәрібай, Дүрімхан, Түсіпақын, Ілияс, Шәмейхан, Ақтан (Ақтай?) қатарлы 11 адам қол қойып 69 отбасы, 315 адам атынан Моңғол өкілдерінен азаматтық сұрап 1932 жылы желтоқсанның 4-і күні жазған өтініші. Және оны қабылдаған мемлекеттік кіші құралдың қосымша хаты. Мұны қазақтардың Шыңжаннан Моңғолияға келіп орныққан соңғы көші деп қарауға мүмкіндік бар (Қинаятұлы, 2001: 169).

Тарихи жағдайларға байланысты «Моңғолиядағы қазақтар» деп аталатын құбылыс осылай дүниеге келді. Аталмыш процесс (Егер 1942 жылы қазақтың 69 отбасы Моңғолияға асып келген жалғыз деректі ескермегенде) негізінен, 1870 жылдары басталып, 1930 жылдардың басында аяқталған еді. Моңғолия қазақтары туралы мәлеметтер аз болғандықтан, ондағы қазақтардың саны қай уақытта қанша болғандығы деректер жоқ. Кеңестік кейбір мәліметтерге қарағанда 1963 жылғы сан тізім бойынша Моңғолияда 43 мың қазақ тұрады делінген 1976 жылы шыққан Қазақ энциклопедиясында қазақтардың саны 70 мың деп көрсетілген. Ал Америкадан алынған деректер бойынша Моңғолияда 1978 жылы 71 мың қазақ бар деп көрсеткен. 1980 жылдары алынған сан тізім бойынша ондағы қазақтардың саны 100-150 мың деңгейінде деп көрсетіледі, алайда қазақтар саны әліде нақты емес.

Моңғолияға қоныс аударған қазақтардың көп бөлігі Баян-Өлгий аймағында тұрады. Баян-Өлгийден кейін көп қазақ Қобда аймағын мекендеген. Баян-Өлгий аймағының құрылуы бұл өңірдегі қазақтардың қоғамдық-экономикалық өміріне жаңа мүмкіндіктер ашып берді. Шет жерлердегі қиыншылықтарға қарамастан Моңғолиядағы ірі қалаларда қазақтардың демографиялық ара қатынасы жылдан жылға өсіп отырған. Бір жағынан оған қазақтардың белгілі бір кәсіпті игеруге деген талпынысы болса, екінші жағынан ұрпақтың болашағын ойлап, яғни,

білім алуына қолайлы ортаны қалыптастыратын ірі қалалар қоныстануы болды.

Қорытынды

Шетелдердегі қазақ диаспорасының тарихына үңілсек, оның қалыптасуы көптеген себеп-салдардан туындаған ұзақ уақытқа созылған тарихи процесс. XIX ғасырда Алтай аймағындағы қазақтың абақ-керей рулары мал шаруашылығы және басқада себептерге байланысты қонысын жан-жаққа кеңейте түсуі, халықтың шашырай қоныстануының басты себебі болды. Сол кезде қазақтың бір бөлігі Алтай тауының теріскей бетіне ірге теуіп, мұнда алғаш қазақтың абақ-керей рулары келіп қоныстанса, кейін найман, уақ, арғын, төре секілді рулардың қазақтарымен толығып, қазақ этносының қалыптасып дамуының кезеңіне жетті.

Жоғарыда атап өткендей, Моңғолия жерін мекендеген қазақтар сан алуан тарихи себептермен көптеген қиыншылықтарды басынан өткерседе, Алтай, Қобда беттеріне қоныстанған бастаған қазақтар сол кезден бастап, бұл өңірдің жер-суына, ауа-райына, қоғамдық-саяси ортаға ата бабалары сияқты өздері де бейімделуімен қатар, қазақ ұлтының қасиеттерін сақтап, Моңғолияда өзіндік саяси беделді этнос ретінде танылды. Осында мекен еткен қазақ рулары өзара қоғамдық, биологиялық ерекшелік нәтижесінде қазақ этносының қауымдастығын қалыптастыра отырып, оны жалғастыра білді. Бұл қазақ этносының қалыптасып дамуы территориялық жағынан үлкен кеңістікте, уақыт тұрғысынан ғасырларға жалғасқан, қазақтың ішкі, сыртқы даму заңдылығының ықтималдығы, мүмкіндігі, қорларының нәтижесінің көрінісі болып табылады. Алтайдың осы бөлігінде болып өткен тарихи ірі оқиғалар да өз белгісін қалдырып, этникалық ерекшелігін сақтай алды.

Баян-Өлгий аймағынан құрылуы қазақтардың өзін-өзі билеу құқығына ие болып, ұлттық-территориялық әкімшілік бірлігі ретінде, өлкедегі қазақтардың тілі, мәдениеті, білімі мен экономикалық жағынан дамуына алғышарт жасап, қазақ этносының қалыптасып дамуын жаңа деңгейге жеткізді.

Sources

SAOTAR — State Archive of the Abad region
EKRSA — East Kazakhstan Regional State Archive
EKRNAA — East Kazakhstan Regional Historical and Local History Archive

Дереккөздер

АОМА — Абай облысының мемлекеттік архиві
ШҚОМА — Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві
ШҚОТӨА — Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану архиві

References

Ajigali, 2014 — *Ajigali S.E.* Ortalyq Aziyanyn qazaq diasporasy: tarih – madeniet – eskertkishter: Proceedings of the international scientific and practical conference [Central Asian Kazakh Diaspora: History – Culture – Monuments] (Almaty, December 5, 2014 j.). Comp.: A.T. Abdulina, K.N. Baltabaeva, G.U. Orynbaeva. Almaty: «Eltanym baspasy», 2014. 428 p. (In Kaz.)

Asharshylyq, 2021 — *Asharshylyq.* Golod. 1928–1934. Dokumentalnaya hronika. Sbornik dokumentov [Famine. 1928–1934. Documentary chronicle. Collection of documents]. Vol. 1. Almaty: Atamura, 2021. 920 p. (In Rus.)

Cheboksarova, 1965 — *Cheboksarova N.N.* Narody vostochnoi Azi [The peoples of East Asia]. Moscow-Leningrad: AN SSSR, 1965. 631 p. (In Rus.)

Choibalsan, 2002 — *Choibalsan H.* MAÜHS-in hogjlin tovch zam [A short path to the development of MASTC]. Ulaanbaatar, 2002. 95 p. (In Mong.)

Choibalsan, 2002 — *Choibalsan H.* Mongolyn huvsgalyn tovch tüüh [A Brief History of the Mongolian Revolution]. Ulaanbaatar: Ulan-Bator, 2002. 95 p. (In Mong.)

Demid, 1991 — *Demid G.* MAÜHS-in üüsen baiguulagdsan tovch tüüh, tergüün ded devter [A brief history

of the establishment of the МАНСС, the first sub-book.]. Ulaanbaatar: Ulan-Bator, 1991. 160 p. (In Mong.)

Grumm–Grjimaiło, 1930 — *Grumm–Grjimaiło G.E.* Zapodnaia Mongolia i Urānhaiski krai [Western Mongolia and Urianhai region]. Leningrad: Gosudarstvennogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva, 1930. 413 p. (In Rus.)

Mendikulova, 1997 — *Mendikulova G.M.* Istoricheskie sudby kazahskogo diaspora: proishojdenie i razvitie [Historical destinies of the Kazakh diaspora: origin and development]. Almaty: Gylym, 1997. 261 p. (In Rus.)

Muhamediūly, 2000 — *Muhamediūly H.* Moñgoliadağy qazaq etnikalyq tobynyñ qalyptasuy men damuy [Formation and development of the Kazakh ethnic group in Mongolia]. Almaty: Gylym, 2000. 206 p. (In Kaz.)

Nabijan, 1996 — *Nabijan M.* Qazaq-Qytai qatynastary [Kazakh-Chinese relations]. Almaty: Sanat, 1996. 330 p. (In Kaz.)

Omarbekov, 2003 — *Omarbekov T.* Qazaqstan tarihyның XX ғасырдағы өзекті мәселелері [Actual problems of the history of Kazakhstan in the XX century]. Almaty: Oner, 2003. 552 p. (In Kaz.)

Potantin, 1881 — *Potantin G.N.* Ocherki severo – zapadnoi Mongoli [Essays on Northwestern Mongolia]. Sankt-Peterburg: Gosudarstvennogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva, 1881. 340 p. (In Rus.)

Qabyshuly, 1997 — *Qabyshuly I.* Qazaq qauymy: Qazaq ūlysynyñ 2200 jyldyq tarihy [Kazakh community: 2200-year history of the Kazakh greatness]. Almaty: Jazuşy, 1997. 169 p. (In Kaz.)

Qinaiatūly, 2001 — *Qinaiatūly Z.* Moñgoliadağy qazaqtar [Kazakhs in Mongolia]. I kitap. Almaty: Dūniejūzi qazaqtarynyñ qauymdastyğy, «Atajūrt» baspasy, 2001. 318 p. (In Kaz.)

Qozgambaeva, 2014 — *Qozgambaeva G.B.* Moñgoliadağy qazaq diasporasynyñ tarihy: ötkeni men бүгini [History of the Kazakh diaspora in Mongolia: past and present]. Almaty: Qazaq universiteti, 2014. 159 p. (In Kaz.)

Rahmetuly, 2009 — *Rahmetuly S.* Moñgolia men Qytaidy mekenдеgen qazaqtardыñ қоғамдық-саіаси өмірінің тарихы (1912–1949) [History of socio-political life of Kazakhs inhabiting Mongolia and China (1912–1949)]. Almaty: Gylym, 2009. 7 p. (In Kaz.)

Tatimov, 1990 — *Tatimov M.* Auyldağy demografialyq ahual [Demographic situation in the village]. Almaty: Qainar, 1990. 240 p. (In Kaz.)

Zhanbosinova, 2017 — *Zhanbosinova A.S.* Likvidatsiia kulachestva kak klassa na materialah GAVKO [Elimination of the kulaks as a class based on GAVKO materials]. KazNPU Bulletin. 2017. No. 1(52). 2017. Pp. 162–168. (In Rus.)

Zhanbosinova, 2020 — *Zhanbosinova A.S., Zhandybayeva, S.S., Atantayeva, B.Zh., Zhirindinova, K.R., Kazbekova.* The historical memory on modernization of the Kazakh aul in Soviet narratives. Opción, Año 36, Regular, 2020. No. 91. 2020. Pp. 426–441. (In Eng.)

Әдебиеттер

Zhanbosinova, 2020 — *Zhanbosinova A.S., Zhandybayeva, S.S., Atantayeva, B.Zh., Zhirindinova, K.R., Kazbekova.* The historical memory on modernization of the Kazakh aul in Soviet narratives. Opción, Año 36, Regular. 2020. No. 91. 2020. Pp. 426–441.

Ашаршылық, 2021 — *Ашаршылық.* Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сборник документов. I том. Алматы: Атамұра, 2021. 920 б.

Әжіғали, 2014 — *Әжіғали С.Е.* Орталық Азияның қазақ диаспорасы: тарих – мәдениет – ескерткіштер: Халықаралық ғыл. конф. материалдары (Алматы қ., 5 желтоқсан 2014 ж.). құраст.: А.Т. Абдулина, К.Н. Балтабаева, Г.Ү. Орынбаева. Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. 428 б.

Грум–Гржимайло, 1930 — *Грум–Гржимайло Г.Е.* Западная Монголия и Урянхайский край. Ленинград: Государственного Русского Географического Общества, 1930. 413 с.

Дэмид, 1991 — *Дэмид Г.* МАҮХЦ-ийн үүсэн байгуулагдсан товч түүх, тэргүүн дэд дэвтэр. Улаанбаатар: Улан-Батор, 1991. 160 б.

Жанбосинова, 2017 — *Жанбосинова А.С.* Ликвидация кулачества как класса на материалах ГАВКО // Вестник КазНПУ. № 1(52). 2017. С. 162–168.

Қабышұлы, 1997 — *Қабышұлы И.* Қазақ қауымы: Қазақ ұлысының 2200 жылдық тарихы. Алматы: Жазушы, 1997. 169 б.

Қинаятұлы, 2001 — *Қинаятұлы З.* Моңғолиядағы қазақтар. I-кітап. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспасы, 2001. 318 б.

Қозғамбаева, 2014 — *Қозғамбаева Г.Б.* Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: өткені мен

бүгінгі. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 159 б.

Мендикулова, 1997 — *Мендикулова Г.М.* Исторические судьбы казахского диаспора: происхождение и развитие. Алматы: Ғылым, 1997. 261 б.

Мұхамәдиұлы, 2000 — *Мұхамәдиұлы Х.* Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы. Алматы: Ғылым, 2000. 206 б.

Набижан, 1996 — *Набижан М.* Қазақ-Қытай қатынастары. Алматы: Санат, 1996. 330 б.

Омарбеков, 2003 — *Омарбеков Т.* Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Алматы: Өнер, 2003. 552 б.

Потанин, 1881 — *Потанин Г.Н.* Очерки северо-западной Монголии. Санкт-Петербург: Государственного Русского Географического Общества, 1881. 340 с.

Рахметұлы, 2009 — *Рахметұлы С.* Моңғолия мен Қытайды мекендеген қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінің тарихы (1912–1949). Алматы: Ғылым 2009. 7 б.

Тәтімов, 1990 — *Тәтімов М.* Ауылдағы демографиялық ахуал. Алматы: Қайнар, 1990. 240 б.

Чебоксарова, 1965 — *Чебоксарова Н.Н.* Народы восточной Азии. Москва-Ленинград: АН СССР, 1965. 631 с.

Чойбалсан, 2002 — *Чойбалсан Х.* МАҰХЦ-ийн хөгжлийн товч зам (Моңғолдың халық әскерінің қысқаша тарихы). Улаанбаатар: Улан-Батор, 2002. 95 б.

Чойбалсан, 2002 — *Чойбалсан Х.* Монголын хувьсгалын товч түүх. Улаанбаатар: Улан-Батор, 2002. 95 б.

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Нұрғазина Н.Д., Аманжолова А.Қ.	
МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ.....	646
Саидов И.М.	
ШАРУА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА.....	661

ТАРИХ

Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Ә.Д.	
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	675
Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж.	
XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ.....	692
Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У.	
ӘБЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ.....	704
Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А.	
ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	725
Жанқадамova Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.	
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ.....	744
Жылқышыбаева К.К.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ.....	758
Қаратаев Ә.Ә.	
ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?.....	772
Марғұлан А.	
XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ҰЛЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ.....	790
Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М.	
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.).....	802
Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.	
МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПӨЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ.....	815
Токишқадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ.	
1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ.....	830
Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А.	
МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ.....	843

АНТРОПОЛОГИЯ

Біләлова Г., Хабдулина М.	
БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ.....	856
Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ).....	869
Ярыгин С., Сакенов С.	
БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ.....	885

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Нургазина Н.Д., Аманжолова А.К. ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА.....	646
Саидов И.М. ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ.....	661

ИСТОРИЯ

Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д. ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ.....	675
Адиет К.Б., Калиев Ж. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.....	692
Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У. АБИЛПЕЙИЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ.....	704
Еришева Т.А., Кара А., Алпысбес М. ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР.....	725
Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А. РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	744
Жылкышыбаева К.К. ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.).....	758
Каратаев А.А. ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?.....	772
Маргулан А. ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ.....	790
Сарсембина К.К., Козыбаева М.М. СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.).....	802
Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж. МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОНОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ.....	815
Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К. ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ.....	830
Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А. КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ.....	843

АНТРОПОЛОГИЯ

Билялова Г., Хабдулина М. ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК.....	856
Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА).....	869
Ярыгин С., Сакенов С. СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ.....	885

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Nurtazina N.D., Amanzholova A.K. REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR'S STATE.....	646
Saidov I.M. POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS.....	661

HISTORY

Assanova G., Adilbektegi G., Sain E. ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE.....	675
Adiyet K., Kaliev Zh. KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES).....	692
Gainous J., Berkinbaev O.U. ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS.....	704
Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M. STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW.....	725
Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A. "THE UNRELIABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY.....	744
Zhylkyshybayeva K. HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990.....	758
Karatayev A.A. ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?.....	772
Margulan A. THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES.....	790
Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M. THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950).....	802
Tastekova G.B., Alpysbes M.A., Urakov D.Zh. MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS.....	815
Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K. TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.....	830
Shalmanova A., Beknazarov R. KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT.....	843

ANTHROPOLOGY

Bilyalova G., Khabdulina M. THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT.....	856
Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A. ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021).....	869
Yarygin S., Sakenov S. CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY.....	885

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10 (4)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым
комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМҚ

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ
РМҚ Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
